

Сауран ауданы адами  
әлеуетті дамыту бөлімі  
«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі



«Қос- Қорған» жалпы орта мектебіндегі  
мектепішілік «Өзін -өзі басқару»  
ұйымының 2022-2023 оқу жылында  
атқарған жұмыстары туралы

М Ә Л І М Е Т

Дайындаған аға тәлімгер: *Н.Н.Х.* Нарзулла

«Қос- Қорған» жалпы орта мектебіндегі мектепшілік «Өзін -өзі басқару» ұйымының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы

## М Ә Л І М Е Т

Сауран ауданы, «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2 қыркүйек күні мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымының жаңа құрамы сайланды. Мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымының жаңа құрамы сайланып, міндеттерімен танысты.


Р/с	Оқушының аты-жөні	Комитет құрамы	Міндеті	сыныбы
1	Рахимов Асадулла	Мектеп президенті	Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру	10
2	Валиханова Дурдона	Білім министрі	Оқушылардың білімін бақылау, күнделіктерінің толтырылуын қадағалау	9
3	Эркинова Диляра	Мәдениет министрі	Іс-шаралар өткізу	9
4	Османов Даулат	Тәртіп министрі	Мектептің ішкі тәртібін, оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын қадағалау	8
5	Абдугаппаров Абдусаид	Спорт министрі	Спорттық іс-шаралар жүргізу	8
6	Зайниддинов Нурсултан	Еңбек және шаруашылық министрі	Мектеп мүлкін ретке келтіртіп отыру	8
7	Асанова Камола	Тазалық және денсаулық министрі	Оқушылардың тазалығын, формасын қадағалау	9
8	Шамшиддинова Анажан	Кітапханашы	Оқушылардың кітапты ұқыпты ұстауын қадағалау.	10

## «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі Білім министрінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы М Ә Л І М Е Т

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің білім министрі Д.Валиханова 2022-2023 оқу жылында жыл бойы әр сыныптың құрал жабдықтарын қадағалау жұмыстарын жүргізді.



Д.Валиханова 2022-2023 оқу жылында жыл бойы әр сыныптың күнделіктерінің толтырылуын қадағалау жұмыстарын жүргізді.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жыл 13 қаңтар күні «Жұлдызды сағат» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 7а және 7б сынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 7а -сынып оқушылары «Болашақ» тобы, 7б –сынып оқушылары «Қыран» тобы болды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жылы 25 қаңтар күні «Ақылдылар мен көңілділер» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 8а және 8б сынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 8а -сынып оқушылары «Жалын» тобы, 8б –сынып оқушылары «Барыс» тобы болды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 2023 жылы 31 наурыз күні «Ақылдылар мен көңілділер» тақырыбында зияткерлік ойыны өткізілді. Сайысқа 9а және 9б сынып оқушыларынан құралған топтар қатысты. 9а -сынып оқушылары «Күміс» тобы, 9б –сынып оқушылары «Алтын» тобы болды.



## «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі мәдениет министрінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстары тұралы М Ә Л І М Е Т

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі мәдениет министрі Д.Эркинова мектепте өтілген түрлі іс-шараларды ұйымдастыруда көмек беріп, іс-шараға дайындық жасау жұмыстарын жүргізді.

01.09.2022 жылы «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді.



22.09.2022 жылы тілдер мерекесіне орай «Тіл – ұлттың мақтанышы» тақырыбында ашық сабақтар, тәрбие сағаты өткізілді.



Үстаздар мерекесіне орай 07.10.2022 жылы «Ана тілім асылым» атты іс-шара өткізілді.



28.11.2022 жылы қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әдемілік, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіру мақсатында «Күз аруы» байқауы өтті.



08.12.2022ж «Мен өз Отанымның патриотымын» тақырыбында патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Байқау барысында оқушылар өздерінің барлық шеберліктерін көрсете алды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында "Қос-Қорған" жалпы орта мектебінде "Тәуелсіздік -таңның нұры" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос- Қорған» жалпы орта мектебінде «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» орай «Анамызға мың алғыс» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді. Концерттік бағдарлама барысында «8- Наурыз халқаралық әйелдер күніне» арналған «Иқбол кизлар» тақырыбындағы шығармашылық байқау өткізілді.



## «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі тәртіп министрінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы М Ә Л І М Е Т

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің тәртіп министрі Османов Даулат 2022-2023 оқу жылы барысында мектептің ішкі тәртібін, оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын қадағалау жұмыстарын жүргізді.

Мектептегі оқушылардың тәртібін қадағалап, тәртіп бұзған оқушылармен жұмыс жасады.



Тәртіп министрі Османов Даулет мектеп мұғалімдерімен және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасармен бірге түнгі кезекшіліктерге шығып, оқушылардың түнде сағат 22:00 ден кейін көшеге шықпауын қадағалады.



28.11.2022ж оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында Түркістан облысы Сауран АПБ-ның ЖПҚ ЮПТ ҰПИ полиция лейтинанты Әмірбек Елнұрбек Ергешұлымен кездесу өтті. Кездесу барысында бүгінгі таңдағы орын алып жатқан жастар арасында құқықбұзушылық факттерін айтып оның алдын алу жолдарын айтып насихаттау жүргізді.





## «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі спорт министрінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы М Ә Л І М Е Т

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің спорт министрі Абдугаппаров Абдусаид 2022-2023 оқу жылы бойында мектепте түрлі спорттық іс-шаралар өткізуде көмек беріп, оқушыларды спортқа қызықтыру сұхбаттарын жүргізіп отырды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен бірігіп оқушыларды аудандық жарыстарға дайындады. Өзі де түрлі спорттық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Жүйріктен жүйрік озар» тақырыбында 20 қараша күні «Толағай» отбасылар сайысы өткізілді. Бұл сайысқа мектеп оқушылары мен олардың ата-аналары қатысты.



Спорт министрі Абдугаппаров Абдусаид және Д/ш. пәні мұғалімі Б.Хайруллаевтің басшылығында оқушылар арасында асық ату, бес тас, шахмат, тоғызқұмалақ т.б. түрлері бойынша сайыстар жыл бойында өткізіліп тұрды.

Бестас.



Асық ату.



Тоғызқумалақ.



Шахмат.



Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 7-сәуір «Дүниежүзілік денсаулық күні»не орай флешмоб өткізілді. Оқушылар «Спорт, спорт, спорт» әніне бірдей қимыл жасап биледі.



## «Қос-Қорған» жалпы орта мектебі еңбек және шаруашылық министрінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстары тұралы М Ә Л І М Е Т

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің еңбек және шаруашылық министрі Зайниддинов Нурсултан 2022-2023 оқу жылы бойында мектеп мүлкітерін қадағалап, сынған мүліктерді ретке келтіруде көмек беріп жүрді. Сынып бөлмесіндегі гүлдерді де қадағалап, әр бір сыныптың бөлме гүлдерімен қамтылуын талап етіп отырды.



Сынып бөлмелерінің гүлдермен толтырылуын қадағалап, сыныптар арасында «Гүлденген сынып» байқауын ұйымдастырды. Әдемі гүлдермен толтырылған сыныптарға рахмет айтып алғыс хаттар берілді.



Шаруашылық министрі Зайниддинов Нурсултан «Таза мектеп» тақырыбында оқушылармен бірігіп АКТ залды, сынып бөлмелерін, ауланы тазалау жұмыстарын атқарды.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 13.05.2023 ж. күні сағат 12.00 – де «Төғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында мектептің мұғалімдері және 9 – 10 – 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Жасыл мекен» челленджі өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар және мұғалімдер мектеп ауласындағы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын атқарды.



## **«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі кітапханашы және тазалық министрінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстары тұралы МӘЛІМЕТ**

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің тазалық және денсаулық министрі Асанова Камола 2022-2023 оқу жылы бойында әр сәрсенбі күні оқушылардың тазалығын, тырнақтарын, ақ көйлектерінің тазалығын жалпы сынып тазалықтарын тексерді. Сонымен бірге оқушылардың мектеп формасын киюін қадағалап, қыз балалардың бантик тағуын қатаң талап етіп жүрді.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі, кітапханашы Шамшиддинова Анажан 2022-2023 оқу жылы бойында әр сәрсенбі күні оқушылардың оқу құралдарын, кітаптарының тазалығын қадағалап, кітапты ұқыпты ұстауын қадағалап жүрді. Және де кітапханадан берілген кітаптарды сабаққа толық алып келуін де қадағалады.



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде 26 мамыр күні мектепшілік «Өзін-өзі басқару» ұйымымен отырыс өткізілді. Отырыста 2022-2023 оқу жылында жасаған жұмыстарына есеп берді.



Мектеп директоры:  М.Изатуллаева

Тәлімгер:  Х.Нарзулла

